

**«Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру және импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мәселелері» тақырыбына арналған Үкімет сағатының қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫМДАР**

Қазақстан Республикасы
Парламент Сенаты

2023 жылғы 16 маусым

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:

1.1. Импортты алмастыруға және экспорттық әлеуетті дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу көлемін ұлғайту жөніндегі шараларды іске асыруға жүйелі негізде жәрдем көрсету;

1.2. Мыналар бойынша шаралар қабылдау:

- қосымша құны жоғары түрлі өнімдердің кең тізбесін алу мақсатында отандық өндірушілерді астық дақылдарын тереңірек өңдеуге ынталандыру;

- қанттың баламалы, яғни жүгері дәнінен және бидайдан өндіруге болатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасында қант саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған Кешенді жоспарына өзгерістер енгізу;

- (отандық) астық өндірушілердің өнімдерін отандық астық өңдеу кәсіпорындарына тапсыруын ынталандыру мақсатында «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы аясында субсидиялауды жүзеге асыру;

- мақта өңдеу зауыттарының мақта өсірушілері алдындағы берешегін қайтару және олардың мүдделерін қорғау жөніндегі мәселені шешуге жәрдемдесу;

1.3. Жүн мен теріні өңдеудің толық циклын қалпына келтіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу (субсидиялау, логистика, сақтау, жүн мен теріні қабылдау пункттері);

1.4. Жемшөп өндірісін дамыту жөніндегі жоспар шеңберінде тұтынушыларды қолжетімді бағамен ауыл шаруашылығы жануарларына арналған дайын жеммен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қарастыру;

1.5. Уәкілетті органға неғұрлым терең өңделген өнімдерге жеңілдіктер беруді оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бағыттары бойынша салықтық жеңілдіктерді қолданудың тиімділігіне талдау, бағалау жүргізу;

1.6. Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізе отырып, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде экспортқа және импортты алмастыруға бағдарланған ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің басым бағыттары бойынша айналым қаражатын толықтыруға сыйақының түпкілікті мөлшерлемесін төмендетуді пысықтау;

1.7. Ұн экспорты бойынша жағдайды қайталамау үшін Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, нарықтардан айрылып қалмау мақсатында күнбағыс тұқымдарына қатысты тарифтік реттеу шараларын (баж салығын) қолдануды жалғастыру;

1.8. Мал шаруашылығы өнімдері мен қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері үшін экспорттық нарықтарды ашу жөніндегі жұмысты күшейту;

1.9. Шектеу шараларын енгізу кезінде (квоталау, баж немесе ауыл шаруашылығы өнімін экспорттауға тыйым салу) агробизнес субъектілерінің пікірін ескеру қажет;

1.10. Ауыл шаруашылығы шикізатын жеке қазақстандық қайта өңдеушілердің субсидиялау мақсатында 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №457 облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне:

2.1. Қаржы, Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп ауыл шаруашылығы өнімдерін бақылаусыз әкелу бойынша көлеңкелі импортты болғызбау үшін нақты шаралар қабылдасын;

2.2. Вагондар паркінің жеткіліксіздігі, республика аумағында жүктердің қозғалу мерзімдерін жеделдету, локомотив тартымының болмауы, тасымалдауға жоғары тарифтер бойынша проблемаларды шешу арқылы шикізат пен дайын өнімді үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету;

2.3. Отандық азық-түлік тауарларын ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілетуге, қайта өңдеу кәсіпорнын техникалық және технологиялық қайта жаратандыруға жәрдемдесу;

2.4. Мына мәселелерді:

- мақта-мата саласын дамыту бойынша Жаңа ұлттық жоба әзірлеуді;
- ауыл шаруашылығы мақта өндірушілеріне «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы инвестициялық шығындардың 50%-ын өтеуді және екінші деңгейлі банктер арқылы ұзақ мерзімді жеңіл несиелер беруді қарастыру.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп:

3.1. Ауыл шаруашылығы өнімін неғұрлым тереңдетіп қайта өңдейтін тауар өндірушілерге салықтық жеңілдіктер беру мүмкіндігін қарастыру;

3.2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау кезінде ҚҚС қайтаруды саралау тәжірибесін енгізу (шикізатқа – 50%-ға дейін, дайын өнімге – 100%);

3.3. Экологиялық отын нарығын дамытуды ынталандыру үшін тоннасына 1000 теңге мөлшерінде төмендетілген шартты мөлшерлемелер бойынша акциздік саясатты өзгерту.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне:

4.1. Қаржы, Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, ішкі нарықта сатылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген нормалардың сақталуына, қажет болса айналымда жалған өнімдер анықталған кезде қатаң тиісті нормативтік құқықтық актілерге қатаң талаптар енгізу;

4.2. Республикаға импортталатын ұнның сапасын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына және «Фортификацияланған бидай ұны» ҚР СТ 1741-2008 стандартының талаптарына сәйкестігіне бақылау күшейтілсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктерімен және Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, Алматы қаласында автокөліктерге отын ретінде бензолды қолдану жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру бойынша мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мүмкіндігін қарасын.

6. Сауда және интеграция министрлігіне:

6.1. Қосылған құны жоғары ауыл шаруашылығы тауарларын өткізу нарықтарын кеңейтуге жәрдемдесу және отандық өндірушілерге оларды ілгерілетуде қолдау шараларын күшейту, соның ішінде көлік шығындарын уақтылы өтеу;

6.2. Мақта экспортының көлемін ұлғайту және инвесторларды қолдау мақсатында теміржол, жүк тасымалдарына тарифтерді 50%-ға төмендету мүмкіндігін қарастыру.

7. Қаржы министрлігіне:

Отандық өндірушілердің өздері өндірген өнімдерін экспорттаған жағдайда ҚҚС қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында «Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару және қосылған құн салығының асып кеткен сомасының анықтығын растау мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын, сондай-ақ тәуекел дәрежесінің өлшемшарттарын бекіту туралы» қағидасына толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру.